

**2025-2026 оқу жылындағы «Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 жалпы орта
білім беретін мектеп» білім алушыларын тамақтандыруды
ұйымдастыру бойынша қыркүйек айында жүргізілген жұмыстар
АНЫҚТАМАСЫ**

2025-2026 оқу жылында тегін тамақтандыруға 1-4 бастауыш сыныптар және АӘК алушы, күнкөріс деңгейі төмен отбасынан шыққан балалар жатады. Оқушыларды сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін асхана жұмысын **қыркүйек** айына кезекті мониторинг жүргізілді.

Мониторинг жүргізу барысында анықталды: асханада бекітілген бес апталық , күнделікті ас мәзірі бар. Қыркүйек айында ыстық тамақпен бастауыш сынып оқушылары 100%, аз қамтылған отбасылардан 45 оқушы қамтылды.

Оның ішінде: 1-4 сыныптардан – 875 оқушы;
8-11 сыныптардан- 45 оқушы;
Демеуші есебінен – 40 оқушы


Асхана құжаттамасы талапқа сай: дайын тамақ сапасын бақылау журналы, жұмысшылар денсаулығының журналы , санитарлық кітапшалары бар.

Бракеражды комиссия мүшелері асхананың тамақтану жұмысын тексеру жүргізіп отырады. Азық-түліктің пайдалану мерзімдерін бақылау бойынша асханада жүргізілген журналдармен танысты. Қыркүйек айында азық-түліктердің мерзімдерінің жарамдылығына, ескі азық-түлікті пайдаланбайтынына, оның сапасына көңіл аударылды. Азық-түліктерді жеткізетін кәсіпкерлер өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарауда. Мектеп асханасындағы тағамдардың сапасы мен асхана стандарттарын, тамақтану орындарының зай-күйімен танысты. Комиссия мүшелері тағам сапасын, санитарлық ережелердің сақталуын, бағалар мен тиісті құжаттамалардың сәйкестігін тексеріп шықты.

Буфеттегі тағамдардың барлығының беттері жабылған. Қызмет көрсетуші персонал санитарлық талаптарға сай: халат, қалпақ киіп, қызмет көрсету кезінде этика сақтайды. Тағам бағалары бекітілген прейскурантқа сәйкес.

Мектеп медбикесі күнделікті асхана тамағының сапасын, құрамын, мөлшерін анықтап отырады. Асханада шағымдар мен ескертулер журналы қойылған. Тамақтанушы оқушылар мен ата-аналарынан келіп түскен арыз-өтініштер осы журналға жазылып тұрады. Сол бойынша комиссия мүшелері жұмыс істейді.

Әлеуметтік педагог:
ДТЖО:



Молбаева Г.К
Аманкулова М.А

